

# ТУУ

И. В. СТАЛИН, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

бры Жұма

жеке саны 20 тыйын,  
Шығуына 33 жыл

*Коммунистік партияның басшылығы арқасында ССРО-да социализмнің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісіне қол жетіп, адамды адамның қанауы мәңгі жойылды. Партияның басшылығы арқасында Совет Одағының халықтары елімізде коммунизм орнатудың ұлы мақсатын жүзеге асыру жолында ойдағыдай күресуде.*

Г. М. МАЛЕНКОВ.

## Партияның XIX съезінің қарарлары мен И. В. Сталин жолдастың тарихи сөзі коммунизмге баратын жолды нұрландырады

### ОТАН ҮШІН

мен қан-  
терең үй-  
ен пункті-  
айтындығы

партиясы  
талин жол-  
вет халқы  
еңбекші-  
теумен жа-  
өнеркәсіп  
теміржол-  
МТС, совхоз  
ымен жа-  
сөзімен жі-  
және саяси  
да арттыра  
ымен та-  
іңкі міндет-  
леріне сай

партиясы-  
өркендетудің  
алған бесін-  
ндегі дирек-  
одының ста-  
нов жолдас  
леген сөзін-  
партияның,  
дгер көсемі-

Ленин ауданы, Ильич атындағы МТС-тің жөндеу мастерскойының жұмысшылары мен қызметкерлері партияның XIX съезінің қарарлары мен И. В. Сталин жолдастың сөзінде сөйлеген тарихи сөзін зейін сала оқып, Ленин—Сталин партиясына деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдірумен бірге, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

—Біз өзіміздің еркін өміріміз, бақытты тұрмысымыз үшін, —дейді слесарь Лысенко жолдас, —Совет Одағының Коммунистік партиясына, кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа борыштымыз. Туысқан партиямыздың данышпандық саясатының арқасында социалистік Отанымыздың қуаты нығайып, мәдениеті гүлдене беруде. Ертеңгі өміріміз бүгінгіден де жақсы болмақ. Ол —коммунизм. Партияның XIX съезі жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларды бекітті. Бұл жоспарды жүзеге асыру коммунистік қоғам орнату ісінің мерзімін жақындатады. Жаңа бесжылдықтың міндеттерін орындау үшін совет адамдары стахановша еңбек етеді. Мен күнделікті тапсырманы біржарым, екі есе орындау үшін күресемін.



«Екпінді кәсіпшілік артелінің жұмысшылары Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің документтерін және И. В. Сталин жолдастың тарихи сөзін оқып үйренуде.

СУРЕТТЕ: үгітші Әлфия Ғалиуллина түскі үзіліс кезінде жұмысшылар арасында И. В. Сталин жолдастың сөзін оқып отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Еңбек өрлеуі

«Путь к коммунизму» колхозының ты кеңінен өрістетіп, олар жұмыстың

### Еңбек өрлеуі үстінде

Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің тарихи қарарлары мен кеменгер көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың сөзі облыстық автомобиль басқармасы мастерскойы жұмысшыларының социалистік Отанды орынды мақтан еткен сезімін туғызды.

—Ұлы көсемнің тарихи сөзі біздің қажырлы еңбекке дүние жүзінде ұзақ және баянды бейбітшілік орнату, сөйтіп, Отанымызды гүлдендіре беру жолындағы күреске жұмылдырады, — деді мастерскойдың жаңашыл мастері Акушев жолдас. —Мен партияның XIX съезі құрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттеменді аброй мен орындадым. Сменасына 2—2,5 нормадан өнім беріп отырдым. Ал, көзір кемінде үш нормадан беруге міндеттенемін.

Акушев жолдастың сөзі мен ісінде айырмашылық жоқ. Ол съездің қаулылары мен көсеміміз Сталин жолдастың тарихи сөзінің құрметіне алған міндеттемесін аброймен орындап жүр. Кеше стахановшы нормасын 350 процент орындап, көрнекті табысқа ие болды.

Мастерскойдың басқа жұмысшылары да еңбек өнімділігін арттыра түсті. Шитов,

лаптылығын арттыруды мейлінше қамтамасыз етуді талап етеді. Сөз жоқ, Уставтың талаптарын ойдағыдай орындап отыру жергілікті партия ұйымдарының партиялық ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстарының дәрежесін бұрынғыдан да жоғары көтеруге, партия мүшелерін идеялық жағынан шынықтыру ісін, барлық еңбекшілерді коммунистік жоғары саналылық рухында тәрбиелеу ісін жақсарта түсуге мүмкіндік береді.

## Орта Азия республикалары мен Қазақстанның спартакиадасы

АШХАБАД. (ҚазТАГ-тың арнаулы тілшісі). Кеше Ашхабадта республикалық стадионда Орта Азия республикалары мен Қазақстанның спартакиадасы салтанатты түрде ашылды. Спартакиаданың программасында спорттың 13 түрі бар. Жарысқа Түркменстанның, Өзбекстанның, Қазақстанның, Қырғызстанның және Тәжікстанның мыңнан астам физкультурашылары қатысады.

Қала және жарыс өтетін стадиондар мерекегіше безелген. Барлық жерде бірдей ұрандар мен транспаранттар, спорт қоғамдарының жібек тулары желбіреуде.

Стадионға мыңдаған ашхабадтықтар мен республиканың әртүрлі қалаларынан келген қонақтар жыйналды. Спартакиадаға қатысушыларды Түркмен ССР-нің Министрлер Советі Председателінің орынбасары Чаруев жолдас құттықтады. Спартакиада-

### Келесі жылдың есебіне

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Донхромит руднигітерінің кеншілері партияның XIX съезінің тарихи қарарлары мен Сталин жолдастың сөзін зор ынтымақтастықпен оқып үйренуде. Рудниктерде, көмекші кәсіп орындарда съезд материалдары туралы әңгімелер өткізілуде.

Съезд қарарлары болашақтың жауынгерлік программасы деп бағалануда.

Коммунистік партия, ұлы Сталин,—деді,—экскаватор машинисі Григорий Сазонов,—бізге жарқын болашақтың — коммунизмнің жолын көрсетуде. Бесінші бес-

жылдың есебіне саналы жақсарта беруі тиіс.

Бұл міндеттердің ойдағыдай орындалуы көп күш-жігер жұмсауды, көп қызығушылықтарды және білуді талап етеді.

Совет адамдары жеңіп алмайтын қамал жоқ. Партияның XIX съезінің қарарларымен және Сталин жолдастың тарихи сөзімен жігерленген облыс еңбекшілерінің еңбек майданында жаңа зор табыстарға жете беретіндігі сөзсіз.

ның жалауын Қазақстан физкультурашылары көтерді.

Орта Азия республикалары мен Қазақстан спартакиадасы ашылды. Жеңіл атлетшілердің жарыстары басталды. Таңдаулы жүгірушілер жолға шықты. 100 метр жерге алдын-ала жүгіруде қазақстандық Федоров жақсы нәтиже көрсетті, ол 10,9 секундта келді. Вера Короткова (Қазақстан) 12,5 секундта келді.

Жеңіл атлетшілерден кейін футболшылар жарысты. Түркменстан мен Өзбекстан командалары кездесті, оны тез қарқымен ұтты. 3:1 есебімен Түркмен ССР-нің футболшылары жеңіп шықты.

Орталық мәдениет және демалыс паркінде баскетболшылар жарысы өткізілді. Жабық театрдың сахнасында ауыр атлетшілердің жарысы басталды.

жылдық жоспарда көзделген хромит өнеркәсібін өркендетудің қаншалықты маңызы барлығын біз жақсы түсінеміз. Сондықтан хромит рудасын өндірудің бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындаймыз деп Коммунистік партияға, Сталин жолдасқа уәде береміз.

Бұл руда басқармасының коллективі партияның XIX съезі ашылғанға дейін жылдық программасын орындаған болатын.

Кезіп кеншілер келесі жылдың есебіне еңбек етуде.

Воронова сияқты стахановшылары күштілікті жұмыс нормаларын үнемі асыра орындауда.

Артель коллективі кәзір Октябрьдің 35 жылдығы мерекесін лайықты тартулармен қарсы алу үшін, қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, бұдан былай да еңбек өнімділігін арттыра беру үшін қажырлылықпен еңбек етуде.

М. БАЙҚАНОВ.

## Қала еңбекшілерінің өндірістік өрлеуі

Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезінің қарарлары және съездің қорытынды мәжлісінде сөйлеген ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдастың тарихи сөзі бүкіл еліміздегі сияқты, қала еңбекшілерінің арасында да орасан зор саяси белсенділік пен өндірістік өрлеу туғызды.

Қала еңбекшілері съездің қарарларын және Сталин жолдастың сөзін жаңа, коммунистік қоғам орнату күресінде өздерінің ұлы программасы ретінде зор қуанышпен қарсы алды. Бұл күндері кәсіп орындарында съездің қарарларын, Сталин жолдастың тарихи сөзін және съезде сөйлеген партия мен үкметіміздің басшыларының сөздерін оқып үйрену, бұл документтерде алға қойылған міндеттемелерді мінсіз жүзеге асыру жолындағы күрес бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде кең өріс алуда.

Октябрь революциясы атындағы былғары заводдың партия, комсомол, кәсіп одақ ұйымдары съезд материалдарын завод коллективіне жете түсіндіруді өздерінің алдына бүгін таңдағы ең негізгі міндет етіп қойып отыр. Бұл заводта ондаған үгітшілер цехтарда, жұмысшылар арасында съезд қарарларын, сондай-ақ Сталин жолдастың сөзін түсіндіруге белсене кіріскен болатын. Үгітшілер Захаров, Голованов, Хамидуллин, Бесов және басқа да жолдастар бұл міндетті ойдағыдай орындап келеді. Олардың кейбіреулері

ғы дерлік оқуды жақсы үлгеріп жүр. Студенттер арасында оқу-тәрбие жұмысын сапалы жүргізуге ерекше көңіл бөлінуде. Мұнда ән-хор, домбыра, шахмат үйірмелері жұмыс істейді. Студенттер бұл үйірмелердің жұмысына белсене қатысып отырады.

Кәзір біз партияның XIX съезінің материалдарын, көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдастың съездің қорытынды

және оның жақсарта беру жөніндегі қарарларын айқын сипаттамамен, съезд қарарына, Сталиннің тарихи оқып, саналы жөндерлендіреді.

Фельдшерлік ме

жақында болған новшылар сөз сөйлеп, оны арттыра берудің иісін «Қол жеткен табыстарды біз, қайта жұмыс береміз, октябрь айынан бастап 40 мың соммен» десті. Фабрикахановшылардың бұл қолдай отырып, айда орындап келеді. сырмаларын біржаппа отырады.

Соңғы күндері О станциясында съезд үйрену ісі кең өрістерде съезд материалдарының міндеттерін жүргізуде. Осының жұмысшыларының

күнге артуда. Станциялары салынғалы жеткен іргесін қалау алу күніне дейін аяқталды. Құрылысшылар аяқталып отырады. Станция бригадаларын ағаш, шеге сияқты құрылыс материалдармен толық

Үлкен үйлердің жер қазу жұмысын олар съезд күндерінде тарға ие болды. Ж

съезд материалдарына байланысты әңгімені 5-6 рет өткізді.

Съезд материалдарымен және Сталин жолдастың тарихи сөзімен жігерленген завод коллективі еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Кәзір заводта сменалық тапсырмаларын 150—200 проценттен орындап жүрген жұмысшылар көптеп саналады. Олар съезд күндеріндегі қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мерекесін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуға көтеріңкі міндеттемелер алды.

«Сельхозмука» заводы басқармасының қамтуындағы диірменде социалистік жарыс пен стахановтық қозғалыс қызы түсті. «Сельхозмука» заводының коллективі съездің ашылу күніне дейін 9 айлық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап, жоспардағы белгіленген мөлшерден өнімнің бағасын 5,4 процент кемітуге жетісті. Тек осының өзінен ғана завод 100 мың сом пайда тапты. Кәзір заводтың барлық бригадаларында съезд материалдарын дауыстап оқу, оны кеңінен түсіндіру жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Съезд материалдарымен жігерленген завод коллективі сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындауды әдетке айналдырды.

Темекі фабрикасында да жұмыс қарқыны еселеп артуда. Фабрика коллективінің



# ПАРТИЯНЫҢ АШЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫ

Ленин — Сталин партиясы — біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы. Оның данышпандық басшылығы арқасында біздің қуатты Отанымыз жаңа табыстарға жетумен үздіксіз алға басып келеді.

«Біздің партиямыздың, — деді Г. М. Маленков жолдас партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында, — күштілігі мынада: ол қалың бұқарамен біте қайнасып байланысқан және нағыз халықтық партия болып табылады, оның саясаты халықтың өмірлік мүдделеріне сай келеді... Біздің Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы, коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте партия халықпен бұрынғыдан да гөрі жақын бауырласты және еңбекшілердің қалың бұқарасымен өзінің байланыстарын нығайтты. Совет халқы партияның саясатын бірауыздан қолдап отыр және оған толық сенім көрсетіп отыр».

Коммунист партиясының қалың бұқарамен тығыз байланыс жасауының және еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруінің алуан түрлі жолдары бар. Сол жолдардың бірі — партияның ашық жыйналыстары болып саналады.

Партияның ашық жыйналыстарына партияда жоқ еңбекшілер, әсересе, активтер мен өндірістің озаттары қатыстырылады. Ол жыйналыстарда өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, басқа да қоғам ұйымдарының алдында тұрған саяси-шаруашылық маңызы бар мәселелер қаралады. Коммунистер бұл мәселелерді партияда жоқ жұмысшылармен, колхозшылармен және интеллигенттермен бірге талқылап, оны жеңісті орындаудың жолдарын шешеді. Сонымен қатар, күнделікті жұмыста орындалған кемшіліктер мен қателіктерді сың, өзара сын арқылы батыл ашып, оны тез

жою, сөйтіп, істі жақсарту жөнінде партия, совет, шаруашылық орындардың басшыларына дер кезінде, зор көмек көрсетіп отырады.

Партияның ашық жыйналыстарының маңыздылығы сол — ол коммунистерді ғана емес, олармен бірге, партияда жоқ еңбекшілерді де партияның төңірегіне топтастыру арқылы партия мен үкметіміздің алға қойған саяси-шаруашылық міндеттерін мүлтіксіз орындауға және бұл іске жұртшылықты жұмылдыруға жетекші күш болуға үйретіп, оның ұйымдастырушылық, іскерлік қаблетін арттырады. Істегі кемшіліктер мен қателіктерді кезінде көруге қырағылығын күшейтіп, оны жоюға бағыт сілтейді. Коммунистерше, партияда жоқ еңбекшілерді де тынышыл, адал болуға, өз істеріне жауапкерлікпен қарауға үйретеді. Міне, сондықтан да партияның ашық жыйналысының тәрбиелік маңызы орасан зор.

Ашық жыйналыстар өткізуде облысымыздың бірқатар бастауыш партия ұйымдары айтарлықтай жұмыс істеп келеді. Мәселен, Микоян атындағы ет-консерві комбинатында жыл басынан бері комбинат бойынша 6 рет партияның ашық жыйналысы өткізілді. Бұл жыйналыстарға еңалдырмен партбюро секретары Шмельков жолдастың өзі және цех партия ұйымдарының секретарлары сондай-ақ, бюро мүшелері мұқият әзірленіп отырды. Сондықтан жыйналыстар жоғары дәрежеде өтіп, ол жыйналыстарға коммунистермен бірге партияда жоқ жұмысшылар мен интеллигенттер де белсене қатысып, өндірістік жұмыстағы олқылықтарды дереу жоюға өздерінің бағалы ұсыныстарын жасады.

Жыйналыстарда «Өндіріс озаттарының іс тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыру», «Тіімді жұмыс істеп, шикізат

ты үнемдеп пайдалану» сыяқты еңбек өнімділігін арттыруға байланысты көп мәселелер талқыланды. Партия ұйымдарының бұл сыяқты жұмыстары нәтижесіз қалған жоқ. Комбинаттың бірқатар цехтары айлық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Ал, стахановшылардың қатары үздіксіз өсуде.

«1-Май» кәсіпшілік артелиінде (партия ұйымының секретары Поляева жолдас) партияның 4 рет ашық жыйналысы өтті. Партиямыздың XIX съезі алдында өткізілген жыйналыста «Съезді өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу» туралы мәселе қаралды. Жыйналысқа қатысқан коммунистер мен комсомолецтер және партияда жоқ озат жұмысшылар артельдің бүкіл коллективін партия ұйымының қаулысын орындауға, демек, съезге лайықты тарту әзірлеуге жұмылдыра білді. Осының нәтижесінде бұл артель съездің ашылу күніне 9 айлық тапсырманы 109 процент орындаумен келді. Кәзір артель коллективі қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындау үшін күресуде.

Артельдің партия ұйымы кадр дайындау, олардың іскерлік қаблетін арттыру мәселесіне ерекше назар аударып отырады. Рационализаторлардың ұсыныстарын талқылау, оларды өндіріске енгізу жұмыстарын ұйымдастырады. Кәзір артельде 85 жұмысшы стахановшы, 27 жұмысшы екіпінді болып есептеледі. Ал, партия ұйымы бұлардың іс үлгісін насихаттап, таратуда айтарлықтай жұмыс істеп келеді.

Булаев ауданында егін жыйнау мен астық дайындау науқаны басталғалы колхоз, совхоз партия ұйымдарының 50 рет ашық жыйналысы өткізілді. Ол жыйналыстарда «Егін мен астық дайындауды үлгілі өткізу», «Егіншілердің социа-

листік жарысын ұйымдастыру және оған басшылық ету», «Егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын өрістету» туралы мәселелер талқыланды. Жыйналыстарға комбайн агрегатының бригадирлері, қырман бастықтары, астық коймаларының меңгерушілері сыяқты партияда жоқ стахановшылар мен екіпінділер қатыстырылды. Сөйтіп, партияның ашық жыйналыстары жоғарыда аталған міндеттерді аброймен орындап шығуға егіншілерге бағыт сілтеп, оларды іске жұмылдырып отырды. Партия ұйымдарының осы сыяқты игі жұмыстарының нәтижесінде аудан колхоздарының көпшілігі, ал, совхоздардың барлығы мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Сөйтіп, аудан еңбекшілері партиямыздың XIX съезін жаңа табыспен қарсы алып, зор абройға ие болды.

Бұл аудандағы Совет астық совхозының партия ұйымы партияның ашық жыйналысын өткізу практикасын әдетті іске айналдырды. Мұнда партияның ашық жыйналысы жоспарлы түрде өтіп тұрады. Мұның өзі совхоз коллективінің белсенділіктерін күшейте түсті. Совхоз астық тапсыру жоспарын ауданда бірінші қатардағылардың есебінде, мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке жоспардан тыс 100 мың пұт астық тапсырды. Кәзір совхоз коллективі зәйб жұрту, мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізіп жатыр. Ал, совхоз партияның ұйымының секретары Я. Кравченко жолдас партияның ашық жыйналысын өткізуге дайындықты жақсы ұйымдастырады. Мұның өзі жыйналыстардың идея жағынан жоғары дәрежеде өтуіне зор мүмкіндік беріп келеді.

Аманкелді атындағы колхоз (Полудель ауданы) партия ұйымында да соңғы кезде партияның ашық жыйналысы шақырылып тұратын болды. Август айында өткен бір жыйналыста «Колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту» жөнінде мәселе қаралды. Бұл жыйналыстың

шақырылуына, қатысушылығына, нәтижесінде, ұйымдастырудағы мәселенің, малға жемінін төмендеп кеткен колхозшылар жұмыс қайтуды әдетке ашық жыйналыс жоюдың шаралар арқасында егінші арасында жаңа колхоздың егінділігін алуына, мерзім жоспарын мерзімі орындауына, жыл рудің жылдық жетілуіне, жаңадағы жағдай туралының секретарының ашық жыйналысының бұқарамен да зор роль атқарды.

Мұның барлығы партияның ашық жыйналысының да зор роль атқарды. Мұның барлығы партияның ашық жыйналысының да зор роль атқарды. Мұның барлығы партияның ашық жыйналысының да зор роль атқарды.

Коммунист партияның бірі — оның байланыстылығын, әзі болып табылатын

# ІК ЖЫЛЫН ТАБЫСТЫ АЯҚТАЙЫҚ

## ★ ★ руашылық машиналарын ымдастырылсын

нілгері үлгілі жөндеу ұнымен бірге, маңыздылықтарын, әсіресе, абырға бөлшектерін әрбір ма жеткілікті әзірлеп парты.

еу алғашқы күннен режелерге сәйкес тез луге тиіс. Тракторлар палы жөндеуін қамның XIX съезі алға үлгілі өткізу, сөйің өнімділігін еселеп делі міндеттерді мінғы жағдай туғызады. скен тракторлар дала ай атқарады.

көрінгендей, трактор дің бірден-бір тиімді с. Сондықтан МТС зат әдісті жөндеу жү данып, еңбек өнімділі отыруға тиіс. Тек өндеу жұмысын мер- аяқтауға болады. ылы, Интернационал тері тораптық әдісті жесінде күзгі-қысқы айтарлықтай табыс- жұмыстарын торап- ргізіп, аталған МТС- уылшаруашылық ма- көзінде, еңбек өнімді ы, қосалқы бөлшек- ақшадай қаражатты ісісті.

енгеріп, жөндеу жү- ргізуге облыстың бар- ық мүмкіншілігі бар- перлері, бақылаушы- сқа да механизатор- ұмысында жаңа тех- өнінде арнайы күрс

дұрыс ауыстырылуын бақылауды қамта- масыз ету. Ал, МТС басшылары бақылау- шы-механиктердің, инициативаларын үне- мі қолдап, олардың жұмысына көмектесіп отыруға тиіс. Жөндеу жұмыстары көп МТС-терде бақылаушы-механиктерге көмек тесу үшін участкалық механиктер бөлу қажет. Мұнымен бірге, жөндеуден өткен тракторлар мен тіркеу саймандары комис- сия арқылы қабылданатын болсын. Бұл сөз жоқ, машиналардың сапалы жөнде- луін, олардың қуатының толық пайдала- нылуын қамтамасыз етеді.

Өткен жылы жөндеу еңалдымен дон- галақты тракторлар қойылды. Быйлығы маусымда мұндай кемшілікке жол бермеу керек. Барлық МТС-терде еңалдымен дала жұмыстарына бұрын пайдаланылатын шынжыр табын тракторлар жөндеуден өтуі қажет. Өйткені, дала жұмыстары негізі- нен осы тракторлармен атқарылады.

Ауылшаруашылық машиналарын жөндеу трактор жөндеумен бірдей жүргізілуге тиіс. Кейбір МТС-тер ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді тракторларды жөн деп болғаннан кейін ғана қолға алып жүр. Бұл мүлдем дұрыс емес. МТС бас- шылары мұндай кемшіліктерді жібермеу ісін жете ескеруі керек. Трактор плугтері мойлінше сапалы жөнделетін болсын. Жер ді терең және сапалы жырту үшін әрбір трактор плугі қосымша түрендермен қам- тамасыз етілсін. Осы сыяқты күзгі-қысқы жөндеу кезінде тракторлар сыяқты ауыл шаруашылық машиналарын да қосалқы бөлшектермен жеткілікті қамтамасыз ету қажет.

МТС басшылары машина-трактор пар- кін дала жұмыстарына әзірлеу үшін қол- да бар күш-мүмкіншілікті тиімді пайдала- нып, күзгі-қысқы жөндеу жұмыстарын алғашқы күннен өрістете жүргізуге мін- ддетті. Олар механизаторлардың жұмыс

## ★ ★ Жоғарғы көрсеткіш

Съезд қарарларымен жігерленген «Рр- кіндік» ауылшаруашылық артелінің (Со- вет ауданы) егіс даласында жұмыс істей- тін № 16 трактор бригадасының озат механизаторлары зябь жыртуда стаханов- тық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр.

Озат механизаторлар съезд қарарлары мен кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың сөзін оқысымен бейбіт еңбек майданында жаңа жетістіктерге жетуді көздеп, өздері- пе көтеріңкі міндеттемелер алған бола- ғын. Қазір олар өздерінің ұлғайтылған міндеттемелерін ойдағыдай орындап келеді. Мұндай механизаторлардың қатарына Ж. Әбуов және А. Шаймерженов жолдастарды қосуға болады. Бұлар зябь жыртуда күн- дік норманы үнемі артығымен орындап жүр.

Мұнда тұқым қорын қуы жұмысы да қызу жүргізілуде. Тұқым тазартуды жүр- ген колхозшылар күнбе-күн табысты ең- бек етуде.

Осы аудандағы Ленин атындағы кол- хоздың мүшелері де XIX съездің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарар- ларын орындау жолында қызу күрес жүргізуде. Колхоздың таңдаулы шошқа өсірушісі Д. Тимошенко жолдас Ұлы Ок- тябрь революциясының 35 жылдық мере- кесін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа ұптаса отырып, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жоғары көрсеткіштерге жету- де. Ол быйлы қарамағындағы мезежін дерден 116 торай алып, оларды шығын- сыз өсіріп келеді. Озат мал өсіруші жыл аяғына дейін мезежіндерден тағы да бір- неше торай алып, оларды аман өсіруге міндеттеніп отыр. Бұл үшін ол шошқаны бағып күтуді негізінен жақсартып, ең- бек өнімділігін еселеп арттырды.

Басқа мал өсірушілер де өздерінің күн- бе-күнді жұмыстарында өнімді еңбек ету- дің нәтижесінде жоғары көрсеткіштерге

## Оқушылардың оқу үлгеруін есепке алу

Мектептердің жұмыс тәжірибесі оқушы- лардың оқуды үлгеруі жөнінде класс жур- налдарына жалпы баға қоюдың қолайсыз- дығы туралы пікір туғызады. Цифралық есептің негізгі кемшілігі бағалардың жал- пы сан есебімен қойылуында және субъек- тивтілікте болып отыр. Мұндай есептен тек қана оқушының қай күні оқытушы- ның сұрағына жауап бергені және қандай баға—2 немесе 5 алғаны көрінеді. Оқушы қандай сұраққа жауап берді, программаның қай пункті бойынша жақсы жауап берді немесе қай пункті бойынша жауап бере алмады, ол нені жете білмейді және онымен қандай қосымша жұмыс жүргізуді керек етеді—міне, мұның бірде-бірі класс журналына жазылмайды. Тек қана ол оқытушының көңілінде біраз сақталып, көп ұзамай ол оны ұмытып кетеді. Есеп- тің бұл жүйесі бастауыш мектептерде са- бақ беретін оқытушының 4-5 пән бойын- ша шамамен 40 оқушыға арналған, ал ор- та мектептерде 4-5 класқа арналған про- грамmanın негізгі сұрақтарын жаттап алуын керек етеді.

Егер программа бойынша өтілген сабақ- тың есебі жазылатын тарауды қарайтын болсақ, одан программаның әрбір мәселесін үйренген күнді ғана көресің. Өдетте оқы- тушы бүгін өткен материал бойынша сұ- рақтарға берілген жауаптар үшін баға қоймайды, кеше немесе одан бұрын өткен материалдар бойынша программаның көп- теген пункттері бойынша сұрайды. Ал, оқу сапасын жақсарту жөнінде оқытушы- ның жұмысындағы ең негізгісі — програм- маның қай тарауын оқушылар біледі, қай сысын білмейді—міне, соны есепке алу. Бұл айтылғандар есепке алынбағандықтан оқытушы ол туралы барлық оқушының бірдей сұраққа берген жауабында қандай кемшілік болғандығын есінде ұзақ уақыт сақтай алмайды.

Міне, сондықтан да оқытушы мектеп директорымен, оқу ісін меңгерушімен, ата- аналармен оқушының оқуды үлгеруі тура- лы әңгімелескенде егер журналда 3 деген

Мұның барлығы оқушылардың оқуды үлгеруі жөніндегі ағымдағы есепті қиыны- датады, көптеген оқытушылар оқушылар- дан сабақты жеткіліксіз сұрайды. Сон- дықтан журналға бағаны аз қояды, жеке- леген оқытушылар тоқсанның аяқ кезінде ғана барлық пән бойынша сұрай бастай- ды.

Кейбір жекелеген оқытушылар оқушы- лардың оқуды үлгеруі жөнінде журналға қосымша блокнотқа, программа сұрақтары- ның карточкасына жазып алуға әрекетте- неді, сол бойынша қосымша жұмыстар бе- реді.

Менің ойымша, есептің тематикалық үл- гісін енгізген жөн. Ол үшін класс жур- налындағы «күні» жазылатын графаға программа сұрағын (тігінен) жазу керек. Осы үлгі бойынша программаның барлық сұрауларынан оқушының білімі қандай екендігін және қандай сұраулар бойынша одан әлі сұралмағандығын анықтау өте жеңіл болады.

Програмmanın пункттерін, жұмыстың түрлерін және жаттығуларды оқытушы- ның өзі керегіне қарай жазып алады. Әр- бір сабақтың немесе программа тақыры- бын жазып алу міндетті түрде емес, ал, программаның аяқталған түйінді сұрақтар- ын жазып алған жөн. Мәселен, Пушкин- нің өмір баянын 2—3 сабақта үйренуге болады, ал оны «Пушкиннің өмір баяны» деп бір графаға жазу қажет.

Көп реттерде, әсіресе, тоқсан аяқталарда оқушылардан программаның көптеген пункттері бойынша сұрайды. Ал, осында ұсынылып отырған үлгі бойынша кімнен, қандай тақырып бойынша сұрау керекті- гін жазу жеңіл болады, өйткені бұдан оқу- шының қандай сұраққа жауап бермегені айқын көрініп тұрады. Сонымен бірге оқытушыға оқушының біліміндегі әлсіз және күшті жағын біліп отыруына мүм- кіндік береді. Оқуды үлгеру есебінің мұн- дай тематикалық үлгісі көлемі зор, класс журналына сыймайды деп ойлау мүмкін.

# АУЫСПАЛЫ ЕГІС ЖҮЙЕСІН МЕНГЕРУ ТУРАЛЫ

Партиямыз бен үкметіміз және кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың тікелей өзі жер шаруашылығының мәдениетін көтеруге үнемі көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Соңғы жылдары партиямыз бен үкметіміз шөп танапты ауыспалы егіс жүйесін енгізу және менгеру жөнінде маңызды қарарлар қабылдады.

Мұндай қарарларды орындай отырып, Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының еңбекшілері бірқатар жұмыстар істеді. 1950 жылы облыстың барлық колхоздарында шөп танапты ауыспалы егіс жүйесі енгізілді. Ауылшаруашылық артельдерінің іріленуіне байланысты жана өндірістік жағдайларға сай келмегендіктен және тракторлар мен күрделі ауылшаруашылық машиналарын толық пайдалануға мүмкіндік бермегендіктен бұрын енгізілген ауыспалы егіс жүйесін қайта жасау басталды. Алдағы жылы ауыспалы егіс жүйесін өңдеу, жанадан енгізу жұмыстары толық аяқталмақ.

Жекелеген колхоздар ауыспалы егіс жүйесін игеруде күрделі табыстарға жетті. Мәселен, Ленин ауданында 11 колхоз 15 ауыспалы егіс жүйесін менгеріп отыр. Ауыспалы егіс, әсіресе, ауданның «Советский», «Мир» және Сталин атындағы колхоздарда толық менгерілді. Ауыспалы егіс жүйесін менгеруде Ворошилов атындағы және «Бірінші май» колхоздарында да бірқатар жұмыстар істелуде. Ауыспалы егіс жүйесін менгеру ауылшаруашылық дақылдарының өнімін арттыруға ықпалын кәзірдің өзінде тигізе бастады.

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында былай делінген: «Егіншілік бұрынғыдан да гөрі өнімді және жетілген болуға тиіс, өркендеген екпе шөбі мен дұрыс ауыспалы егісі болуға, техника, жемшөп, обонь дақылдары мен картоп егісі көлемінің үлес салмағы неғұрлым жоғары болуға тиіс».

Мұндай, аса маңызды міндетті ойдағы қа-

дай орындау ауыл шаруашылық орындарынан жер шаруашылығының шөп танапты ауыспалы егіс жүйесін менгеру ісіне басшылықты түбірімен жақсартып, бұл жөнінде озат тәжірибені кеңінен қолдануды талап етеді. Алайда, ауыспалы егіс жүйесін менгеру облыс колхоздарында әлі өз дәрежесінде емес. Облыста жоспарлы тапсырмалар жылма-жыл орындалмайды, ауыспалы егіс жүйесінің ережелері қойреттерде ерескел бұрмаланады. МТС колхоз басшылары және аудандық ауылшаруашылық бөлімдері ауыспалы егіс жүйесін менгеру жұмыстарына жеткіліксіз басшылық жасайды, олар бұл сыяқты маңызды жұмысты негізінен участкалық агрономдарға тапсырумен тынған. Ал, облыстық ауылшаруашылық басқармасы да ауыспалы егіс жүйесін менгеру ісін түгелдей агрономға тапсырып отыр. Партия мен үкметтің нұсқауларына қарамастан аудандық Совет атқомдері де бұл жұмыспен мүлдем шұғылданбай келеді.

Өткен көктемде жүргізілген тексерісте көрсетілгендей облыс колхоздарының үштен екісіне жуығында далалық ауыспалы егіс жүйесінің ережелері бұзылған. Жайылымдар мен шабындықтарды және арнаулы ауыспалы егістерді алсақ, жағдай мүлдем төзгісіз. Приешім ауданындағы «Борьба», Молотов және Сталин атындағы колхоздарда көпжылдық шөп егілген алаңға пар жыртылып, бұрын енгізілген далалық ауыспалы егіс жүйесі бұзылған.

Облыста далалық ауыспалы егіс жүйесінде кең көлемде көпжылдық шөп егетін колхоздар мүлдем аз. Ол тіпті жылма-жыла азайып барады. Өткен жылы Булаев ауданында төрт колхоз шөпті кең көлемде ексе, быыл мұнда ондай колхоздар небары екеу-ақ. Ал, Кобышев ауданында былтыр 11 колхоз үлкен алқапқа біржылдық және көп жылдық шөп егін еді. Быылғы жылы мұнда шөп егумен бір-ақ колхоз шұғылданды. Петропавл, Совет және Соколов аудандары да өткен жылға қа-

рағанда быыл шөпті мүлдем аз екті.

Көптеген аудандық ауылшаруашылық бөлімдері мен МТС директорлары ауыспалы егіс жүйесін менгеру жөнінде ауыл шаруашылығының мамандарына жеткілікті талап қоймайды. Осының салдарынан ауыл шаруашылығының мамандары әсіресе, агрономдар мен зоотехниктер ауыспалы егіс жүйесін менгеру жөнінде колхоздарға трактор және егіс бригадаларының бригадирлеріне жеткілікті көмек көрсетпейді.

Көптеген колхоздарда далалық ауыспалы егіс жүйесінде шөп егу жөніндегі арнаулы тіркеу кітапшасы мүлдем толтырылмайды. Аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің бас агрономдары да аудандық тіркеу кітаптарын толтырып отырмайды. Ауыспалы егісті менгеруді тексеру көп реттерде үстірт жүргізілген, бұл жөніндегі мәліметтер, есептер колхоздардан дұрыс алынбаған. Тексеру қорытындысы тек қана Ленин аудандық Совет атқомінде талқыланған.

Шөп танапты ауыспалы егіс жүйесі ережелерінің бұрмалануы орын алып отыр. Шөпті жылма-жыл мұқият ауыстырып егуге мүлдем мән берілмейді. Ауыспалы егіс жүйесінде парға жыртылған жерге мезгілінен бұрын шөп егілген. Осының салдарынан көпжылдық шөп егу жөніндегі тапсырмалар орындалмай қалған, осы сыяқты шөп егілген алаңның қатараралығын ешкім айырып болмайды. Машина-трактор станциялары ауыспалы егіс жүйесінде келесі жылға даяр жер әзірлемей отыр.

Көпжылдық шөптің тұқымын дайындауда қанағаттанғысыз. Күні осы уақытқа дейін облыстың бірқатар колхоздарында көпжылдық шөптің тұқым қоры толық құйылып отыр. Тұқымдық шөп егілген алаңның көп өнімі мезгілінде жыйналмады, жыйналғаны мал азығына айналдырылуда.

Мұндай кемшіліктер бірқатар колхоздарда товарлы дақыл өндіру және техникалық дақылдардың өнімі жөніндегі мемлекеттік тапсырмалардың орындалмауының негізгі себебі болып отыр. МТС-тер мен

аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің басшылары жер қыртысының құнарлығымен агрономиялық шаралардың сапалығын арттыруда және мал азығының берік қорын жасауда шөп танапты ауыспалы егіс жүйесін тез және толық менгерудің зор маңызы бар екенін жете ескермей келеді. Осы сыяқты ауылшаруашылық дақылдарынан мол және тұрақты өнім алу жолындағы күрес те нашар.

XIX съездің жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі міндеттерін мінсіз жүзеге асыру үшін облыстың колхоздары, МТС-тері және ауылшаруашылық орындары шұғыл және қажетті шаралар белгілеуге тиіс. Шөп танапты ауыспалы егіс жүйесін ойдағыдай менгеру үшін әрбір колхоз көпжылдық шөптің тұқымымен жеткілікті қамтамасыз етілетін болсын. Көктемде ауыспалы егіс жүйесінің ережелері мұқият сақталып, шөп егілген алаңның қатараралығы дұрыс сақталсын, әсіресе, шөпті ауыстырып егу ісі мінсіз жүзеге асырылсын.

Зябь жырту, жер қыртысын егіс алдында өңдеу және басқа да ауылшаруашылық шараларын әрбір алаңның және егілетін дақылдардың ерекшелігіне сай жүргізілсін. Жоспарды мерзімінен бұрын орын даған колхоздарға қосымша тапсырмалар беріліп, оның мінсіз орындалуын аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің, МТС-тер мен колхоздардың басшылары үнемі қадағалап отыруға тиіс.

Шөп танапты және мал азығындық ауыспалы егісті ойдағыдай менгеру социалистік жер шаруашылығының мәдениетін онан әрі көтеріп, егістік алаңнан мол және тұрақты өнім алуға қосымша зор мүмкіншіліктер туғызады. Сондықтан колхоз, совхоз басшылары және аудандық ауылшаруашылық орындары мұндай маңызды мәселеге үнемі басшылық жасап отыруға міндетті.

А. ӘБИШОВ,

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы Министрлігінің жерге орналастыру және ауыспалы егіс басқармасының бастығы.

жұмысшылар олардың семсының облы

Облыста т кәсіподақтар куствосыны де зор мәден түрлі бейнел нан астам әл коллективтер 289 экспона

Көрмеге і келді. 6 күн келіп көрді. көрмеге келу түрде, 145 тары мен ті

Бейнелеу әсіресе, Киров калық техни щесінің, тем комитетінің, ортауа мект комитеттерінің ұйымдарының сенділікпен і

Байқауда қатысқан ұй чук жолдасты

## Оқу

Ленин ауд тебінің оқуш уашылық мід ай аяқтауы мек көретін Оқушылар тап күтуде, кезінде жый астық тапсы

«Баян» ау (Преснов ауд және ғылыми ды сүйсіне лар үшін тү жиі оқылады

## Әлемнің VII сессиясы

Тыйым билең  
Кореяда соғыс,  
дегілік  
дені жо  
Тыйым са  
отоколын  
ің мәнін

үшін, екінші жағынан, Чехословакияда терроршыл және бұлдірушілер топтарын жасақтауға пайдаланып отыр.

1951 жылы 10 октябрьде қабылданған «Өзара хауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы» деген заңмен АҚШ үкметі кісі өлтіру, бұлдіру және тыңшылық әрекеттерін өзінің ресми саясатының дәрежесіне жеткізді.

АҚШ саясаты, деп мәлімдеді Секанинова, Чехословакиядағы және басқа бейбітшілік сүйгіш мемлекеттердегі бейбітшілік құрылысына қарсы бағытталған АҚШ саясаты халықаралық бейбітшілікке және хауіпсіздікке хауіп төндіріп, сондықтан Чехословакия халқының және басқа бейбітшілік сүйгіш елдердің барлық халықтарының тарапынан күн сайын өсіп отырған қарсылыққа кездесіп отыр.

Осы себептермен Чехословакия делегациясы Бас Ассамблея VII сессиясының күн тәртібіне енгізуге ұсынылып отырған бұл маңызды және кезек күттірмейтін мәселені тоқтаусыз күн тәртібіне енгізуі талап етеді.

Жалпы айтыста сөйлегісі келетіндердің жоқтығы себепті Ассамблеяның председателі Пирсон басқа делегациялар өздерінің пікірін айтқанға дейін жалпы айтысты тоқтатуға ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс қабылданды, бірақ бұл ұсынысқа қарсы 5 делегация (ССРО, Украин ССР, Белорус ССР, Польша және Чехословакия) дауыс берді. 3 делегация (Индия, Индонезия және Бирма) битарап қалды, 9 делегация дауыс беруге қатыспады.

Кеше екінші (экономикалық және финанс мәселелері жөнінде) үшінші (әлеуметтік, гуманитарлық және мәдениет мәселелері жөніндегі), төртінші (қамқорлыққа алу мәселесі жөніндегі), бесінші (әкімшілік және бюджет мәселесі жөніндегі) алтыншы (заң жөніндегі) Бас Ассамблеяның комитеттері жұмысқа кірісті.

Комитеттер күн тәртібін бекітіп, вице-председательдер мен комитеттердің баяндамашыларын сайлады.

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 21 октябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясы 21 октябрь күні былай деп хабарлады:

Өткен күні Корея Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері Шығыс майданда Бымхвч ауданында бұрынғы алып тұрған шептерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізіп, атака жасаушы дұшпанға елеулі соққылар берді.

Басқа майдандарда дұшпанның шолғын жасаушы отрядтарымен соқтығыс болды.

Бүгін біздің әскерлеріміздің зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар біздің әскерлеріміздің алдыңғы шептеріне шабуыл жасауға әрекеттенген дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 1 самолетін зияндады.

ПХЕНЬЯН, 22 октябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясының бүгінгі берген хабарында, Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге Шығыс майданның жекелеген участоктерінде дұшпанға қарсы кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды делінген. Кеше Бымхва ауданында дұшпан танктердің және самолеттердің қолдауымен бірнеше рет күшті атакалар жасады. Дұшпан үлкен шығындарға ұшырағанын, атакалары тойтарылып тасталды.

Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар отрядтары дұшпанның 7 самолетін атып түсірді.

### КОРЕЯДАҒЫ ИНТЕРВЕНЦИЯ ДЕРЕУ ТОҚТАТЫЛСЫН!

Біріккен Ұлттар Ұйымы үйінің алдындағы бейбітшілік жақтаушылардың демонстрациясы

НЬЮ-ЙОРК, 21 октябрь. (СОТА). Кеше кешке Біріккен Ұлттар Ұйымы үйінің алдында бейбітшілік жақтаушылардың де-

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Көңіл бөлінбей отыр

Бұлаев ауданының Ленин атындағы ауылшаруашылық артеліндегі оқу үйінде жүздеген саяси, әдеби кітаптар бар. Алайда, бұл кітаптар колхозшылардың және ауыл интеллигенциясының кітап оқу жөніндегі талаптарына сай пайдаланылмай келеді. Өйткені, оқу үйінің жұмыс істеуінен жабық тұруы көп кездеседі.

Мұнда оқу үйінің арнаулы үйі жоқ, сондықтан да қай колхозшының үйі бос болса, сол үйге көшіріледі. Осының салдарынан кітап алып оқу, не алған кітабың-

ды тапсыру үшін оқу үйін (менгерушісі Б. Мұстафин жолдас) іздестіріп жүруге тура келеді. Ол-ол-ма! Соңғы кезде Мұстафин жолдас кітаптарды үйіне апарып тастап, өзі колхоз дүкенінде сатушының қызметін атқаратын болып алды.

Ауылдық Совет пен колхоз басшылары оқу үйін арнаулы үймен қамтамасыз етудің тиісті шарасын қолданып, Мұстафин жолдас оқу үйінің жұмысын жақсартуды талап етулері керек.

В. ЗАҒЫПАРОВ.

### Жауапсыздықтың салдары

Октябрь ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің № 3 бригадасындағы дүкеннің уақытлы ашылып, жұмыс істеуінен гөрі жабық тұруы жиі кездеседі. Сатушы Қ. Қалиева жолдастың дүкен маңына бармағанына 1 айдан астам уақыт өтті. Дүкенге барып сауда-саттық жұмысын жүргізуге ерінген Қалиева көпшілік қолды товарлар мен тұтыну заттарын үйіне әкеліп қояды. Қажет бөліп іздеп барған нәрсеңді ол сәкінің астынан, болмаса шештің үстінен шан-тозақ қалпында алып береді. Ал, тұзды қаппен қорасының ішіне қойып, «көз таразы гой, азғана артық-кемі болса ештеме етпес» деп кез келген ыдыспен мөлшерлеп бере салу оның әдетіне айналған.

Айта берсек, жалғыз Қалиеваның өзі ғана емес, оның барлық семья мүшелері сатушы болып алған. Қажет затыңды оның ері де, баласы да сата береді. Тосыннан келген адамның бұлардың қайсысы дүкенші екенін айыра алмауы ғажап емес.

Осындай өз міндетіне жауапсыз қараушылыққа ең алдымен селолық тұтынушылар одағын басқарушы Қонарбаев жолдастың өзі жол беріп келеді. Ол Қалиеваның бұл ісін біле тұрса да жұмған аузын ашпайды.

Алдағы уақытта сауда-саттық ісі жақсартылып, сатушы колхозшылар тілегіне сай жұмыс істейтін болса екен.

Н. МЫРЗАХМЕТОВ.

### Оқу құралдары жеткіліксіз

Ленин атындағы іріленген ауылшаруашылық артелінде (Преснов ауданы) үш мектеп бар. Бұл мектептер жаңа оқу жылында арнаулы білімдері бар оқытушы кадрлармен толықтырылып, оқуға мерзімінде кірісті.

Алайда, оқу құралдарының жеткіліксіздігінен жаңа оқу жылының алғашқы күндерінде-ақ айтарлықтай қиыншы-

лық бастауыш мектебіне небары 27 сом 49 тыйынның ғана оқу кітаптары бөлінді. Осындай оқу кітаптарының жеткіліксіздігі оқушылардың оқуды ойдағыдай үлгеруіне нұқсан келтіріп отыр.

Облыстық және аудандық оқу бөлімдерінің бұл мәселеге жете көңіл бөлулері керек.

Б. РАМАЗАНОВ.

жыйналыстар өткізіліп, Конгреске баратын голланд делегациясының жолына қаражаттар жыйналууда.

20 октябрь күні Амстердамда Бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресіне әзірлікке арналған халықтың әртүрлі топтарының өкілдерінің қатысуымен көп адам жыйналған жыйналыс болды.

Жыйналыс голланд халқына үндеу қабылдады. Үндеуде бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысын күшейтуге, елді пункттер мен кәсіпорындарында бейбітшілік үшін күрес комитеттерін құруға шақырады.

## АҚШ-та шахтерлердің ереуілі

НЬЮ-ЙОРК, 21 октябрь. (СОТА). Жұмысшылардың жалақысын ұлғайту жөніндегі талапты үкметтік советтің орындамауына қарсы наразылық білдіруге жұмысшыларды ереуілге шақыру туралы тау кеншілерінің Біріккен кәсіподағы еш қандай ресми үндеу жарияламайса да, АҚШ-та көмір шахталарының 85 проценті жұмысқа қайта кірісуден бастартты. Ал, кәсіподақтардың басшылары шахта иелерімен алдын ала келісіп қойған болатын.

Кәзіргі уақытта АҚШ-та ереуілге 322 мыңнан астам шахтерлер қатысып жүр.

## ЖАПОНИЯДА ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ ЖАЙЫНДА

ТОКИО. (СОТА). Киото радиостанциясының хабарына қарағанда, Киотодағы екінші сайлау округінен парламентке сайланған либералшыл партияның мүшесі Такео Накано сайлау заңын бұзу жөнінде айыпталып, тұтқындалған. Төргеуде анықталғанындай, парламентке сайлау кезінде Накано сайлаушыларды сатып алуға 400 мың иен қаражат жұмсаған.

өзіп отырғандығын көрсете келіп, Дюкло, «Пинэй міне дәл осы кезде әуелі 5 депутатты тұтқынға алуды талап етіп отырғандығын» атап көрсетеді.

«Үкмет,—деп жазады онан әрі Дюкло,—американдық насихаттың тәсілдерін пайдалана келіп, Совет Одағы бізге қарсы деумен әрекеттенуге тырысады. Фактыларды адалдықпен талдай келгенде бұл сылтаулардың тыйындық құны болмай қалады. Ең алдымен, Францияны және Со-

қолданылатын жазалау шаралары, егер үкмет өзінің дегенін істей беруге ерік алып кетсе, басқа патриоттарға да қолданылатындығын айтып жатудың қажеттігі жоқ. Алан Ле Жанттың тұтқынға алынуы осының бірінші сыпаттамасы болып табылады» деп жазады Дюкло.

Дюкло хатының соңында Ұлттық жыйналыстың депутаттарын коммунист депутаттардың ешкім тимейтін парламенттік мандаттарынан айыру туралы соғыс-соғандарының талаптарын қабылдамай тастауға шақырады.

## Австрияның социалистік партиясынан жаппай шығу

ВЕНА, 21 октябрь. (СОТА). Социалистік партияның баспасөзінің хабарына қарағанда, тек қана 7 айдың ішінде (1952 жылдың 1 январынан 31 июліне дейін) Австрияның социалистік партиясының Вена —Оттакринг ауданының ұйымынан 1593 адам партияны тастап шыққан.

Австрия социалистік партиясының қатарынан партия мүшелерінің шығу себептерін түсіндіре келіп, «Эстеррейхшис фольксшитиме» газеті Австрия социалистік партиясының көптеген мүшелері бар-

ған сайын социалистік партияның оңшыл басшылығы жұмысшы табының мүддесіне қызмет істемей, капиталистер мен американдық соғыс өртін тұтандырушылардың мүддесіне қызмет істеп отырғанын түсіне бастады. Австрия социалистік партиясы басшылығының осы саясаты халықтың тарапынан наразылық тудырып, Австрия социалистік партиясының қатарынан партия мүшелерінің жаппай шығуына әкелін соқты деп жазады.

## Суэц каналының бойындағы ағылшын әскерлерінің арасындағы толқушылық туралы Египет газетінің хабары

БЕЙРУТ, 22 октябрь. (СОТА). «Аль-Мысир» газетінің хабарына қарағанда, Суэц каналының бойына орналасқан ағылшын әскерлерінің ең ірі соғыс бөлімдерінің біріде толқушылық басталған.

Толқушылықтың күшейгендігі сонша, ағылшын солдаттары кейбір қару-жарақ сақталған қоймаларды талқандап, қару-

жарақты қыйратты, деп жазады газет. Осы толқушылықтың салдарынан болған шығын 4 миллион фунт стерлинг болып есептелінеді.

«Көптеген офицерлер мен солдаттар,—деп жазады газет,—өздерін үйлеріне қайтаруды талап етеді».

Ференция жүріп жатқан ауданды атқылағаны сыяқты осы жолы да Кларк келіссөз жүргізуден бастартқан күні Паньмыньчжоньдағы конференция ауданын атқылап, американдықтар жаңадан арандатушылық әрекеттерін жүргізуде.

Кларк келіссөз жүргізетін үйдің есігін қайтадан мықтап жауып, американдық командованиясының Женева конвенциясының негізінде келісім туралы келіссөз жүргізгісі келмейтіндігін айқын көрсетті. Соғыс тұтқындарына үйлеріне қайтуға мүмкіншілік бермеу керек деген негізсіз жалғыз талапқа әкеліп тірелетін Гаррисонның дәлелсіз ұсыныстарын Кларк өзінің мәлімдемесімен әшкерелей түсті.

Кларк мұнан былай да арандату әрекеттерінің жолына түсіп, соғыс тұтқындарын қолда ұстап қалу туралы американдық ультиматумды «хат түрінде» келіссөз жүргізу арқылы қабылдау негізінде, келіссөзді қайтадан жүргізу туралы өзінің зұлымдық талабын қайталап отыр. Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілері бұл ұсыныспен қашан да болсын келіспейтіндігін біліп, Кларк үзілген келіссөздің қайтадан басталмайтындығына сеніп отыр.

Келісім туралы келіссөзді «Біріккен Ұлттар Ұйымының қарулы күштері» үзген жоқ деп Кларк дәттетуге тырысады. Алайда, бұл сыяқты дәттету күмәніз фактыларға қарсы келе алмайды. Келіссөзді үзген Гаррисон да, ал оны қайтадан жүргізуден бастартып отырған Кларк. Келіссөз жүргізу арқылы келісімді күшейту туралы генералдар Ким Ир Сен мен Пын-Дэ-хуэйдің ұсынысын қабылдамай тастаған да Кларк. 62 мемлекет қол қойған Женева конвенциясының негізінде келіссөзді жүргізуден бастартқан да Кларк. Келісім туралы жайдың жобасында көрсетілгеніндей, өздерінің үйіне, бейбіт өмірге қайта оралуға барлық соғыс тұтқындарына мүмкіншілік бермей, оларды қайтарудан бастартқан да Кларк.

С	У	С
060154	1—50	500
060236	32*)	1.000
060244	1—50	200
060246	44*)	1.000
060268	1—50	200
060405	49*)	1.000
060673	36*)	1.000
060718	1—50	200
060733	1—50	200
060845	20*)	1.000
060850	31*)	5.000
060853	24*)	5.000
061002	31*)	1.000
061031	1—50	200
061112	07*)	1.000
061118	1—50	200
061275	38*)	1.000
061276	02*)	1.000
061522	31*)	1.000
061777	26*)	1.000
061793	19*)	1.000
062248	1—50	200
062281	26*)	1.000
062398	02*)	1.000
062409	40*)	1.000
062657	50*)	1.000
062786	1—50	200
062988	21*)	1.000
063053	32*)	1.000
063183	22*)	1.000
063327	40*)	1.000
063343	19*)	5.000
063379	48*)	1.000
063396	33*)	1.000
063406	1—50	200
063427	30*)	1.000
063432	29*)	1.000
063559	43*)	1.000
063581	03*)	1.000
063628	08*)	1.000
063631	25*)	5.000
063781	26*)	1.000
063786	1—50	500
063828	1—50	200

\*) Осы сериядағы от

«УДАРНИК» кинотеа

«ШӨЛДЕГІ

Сеанстар сағат 6-8-10

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және аумашаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-83-2, корректорлар бюросы — 4-89. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілме